

**Құрманғазы аудандық емдеу сауықтыру мекемелерінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүлде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру барысында аудан медицина қызметкерлері бар жігерімен ынталанып еңбектенуде. Ел басының жолдауында ана мен баланы қорғау, туберкулез, онкология, спорт, туризм және санитарлық ағарту ісінде, бастапқы медициналық көмек жүйесінің жұмысына аса назар аударылып, ынталандыру мәселелеріне көңіл бөлінген болатын. Осы бағытта «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Бірыңғай ұлттық денсаулық жүйесі, Қазақстан 2050 стратегиясы сияқты бағдарламалар жинақталып, Аудан денсаулық сақтау ұйымы ұрпақты болу жасындағы әйелдер мен бала денсаулығын қорғау, әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау жолындағы жұмыстар қолға алынып, өз деңгейінде атқарылып келеді.

Құрманғазы аудандық емдеу-сауықтыру мекемелерінде тіркелген халық тіркелімі порталы бойынша 31.12.2018 жылға -51050 болса, оның 17636-і 18 жасқа дейінгі балалар, 10637 босану жасындағы әйелдер құрайды.

Ауруханалардағы емдеу жұмыстары халықаралық стандартқа сәйкес жүзеге асырылып, науқастарды диагностикалау мен емдеу істері тиімді және қазіргі замандағы стандарттарға сәйкес жүргізу жөнінде хаттамалар әзірленіп, бекітіліп, сол бойынша емдеу жұмыстарын жүргізу, сөйтіп бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі емдеу және аурудың алдын-алу жұмысын сапалы сауықтырылуын қамтамасыз етілуде.

Аудан бойынша 64 дәрігер, 329 орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. Аудан бойынша әрбір дәрігерлік участокке күні бүгін 1730 тұрғыннан тіркелген, сол тіркелген халыққа медициналық қызмет көрсетілуде.

Биылғы жылы 7 дәрігер (А.Садыкова, С.Сужиков, Б.Нсанов, С.Бермуханова, Н.Кайпбергенова, С.Мадиева, Р.Насихан) жұмысқа қабылданып, 8 дәрігер (М.Арстаналиева, М.Намазов, Б.Сарсенбиева, Құмар А, Г.Каусова, Т.Нугманов, С.Сужиков) шығып кетті. Аталған бейінді мамандардың тапшылығын жою мақсатында дәрігеріміз А.Садыкова Алматы қаласындағы қайта даярлау курсына кардиолог мамандығы бойынша жіберілсе, невропатолог маманын дайындау үшін дәрігер Н.Кажғалиеваны Астана қаласына қайта даярлау курстарына жолданып, оқып келді. Сонымен қатар, Ақтөбе, Алматы қалаларындағы жоғары медициналық оқу орындарының жас мамандарына арналған жәрмекесіне қатысу нәтижесінде биылғы жылы тамыз-қазан айында ауданымызға жаңадан жас 5 маман (Б.Нсанов-хирург, С.Бермуханова-стоматолог, С.Мадиева –ВОП, Н.Кайпбергенова –акушер-гинеколог, Р.Насихатов-қоғамдық денсаулық сақтау маманы ) келіп, жұмысқа қосылды.

Аудандық әкімшіліктің қолдауымен әлеуметтік мәселелері: тұрғын үй, көтерме жәрдем ақы, балабақшаға орналастыру мәселелері шешілуде.

Білім жетілдіру курстарында биылғы жылы орта буын мед қызметкері - 80, дәрігер -42, қайта даярлау курсынан -2 дәрігер, 2017ж орта буын медқызметкері- 66, дәрігер -17, қайта даярлау курсына - 4 дәрігер оқытылды.

**Бүгінгі күні ауданымызға 12 дәрігер жетіспейді:**

Акушер-гинеколог-1

Онколог-1

Педиатр-1

Неонатолог -1

Гастроэнтролог-1

Жалпы тәжірибелі дәрігер-7

Қадр тапшылығын шешу мақсатында жыл сайын Жоғары медициналық оқу орындарында ұйымдастырылатын жәрмекеге қатысып, мамандарды тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

### Стационар бойынша:

Қаржыландыру емдеу ісінің соңғы нәтижесі бойынша төлену принципі бойынша күндізгі стационарда есептілік кезеңінде 2681, оның ішінде балалар 424 науқас емделіп шығарылды.

Сонымен қатар, тәуліктік стационарда аталған кезеңде төмендегідей орындалды:

№	Бөлімше	Төсек профилі	Керует саны	Емделген науқас саны	
				Барлығы	Оның ішінде балалар
1	Терапия	терапиялық	17	491	0
		кардиологиялық	5	167	0
		неврологиялық	3	274	0
2	Хирургия	Ересектерге арналған	15	507	2
		Балаларға арналған	2	83	83
3	Педиатрия		15	369	369
4	Жұқпалы аурулар	Ересектерге арналған	5	155	1
		Балаларға арналған	10	487	487
5	Перзентхана	Гинекологиялық	5	296	0
		Патологиялық	11	317	0
		Перзентханалық	15	554	0
6	Балқұдық АА		10	247	27
7	Сүйіндік АА		10	219	24
	<b>Барлығы</b>		<b>120</b>	<b>4166</b>	<b>993</b>

### Демографиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	Абсолюттік саны		Көрсеткіші	
	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Туу (1000 адамға шаққанда туғандардың саны)	991	1022	16,9	17,8
Қайтыс болу (1000 адамға шаққанда қайтыс болғандар)	462	367	7,9	6,3
Нәрестелер шетінеуі (1000 тірі туғандарға)	6	7	6,0	6,8
Табиғи өсу (1000 адамға)	529	655	9,0	11,4

Ауданда ана мен бала өлімін болдырмау мақсатында Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасының бастығымен бекітілген әдейі шара жасақталынып, сол бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Атап айтқанда 7 мамыр 2010 жылғы ҚР ДСМ №325 бұйрығы бойынша есепке тұрған жүкті әйелдердің тізімі жасақталып, жүкті және босану жасындағы әйелдер порталына құйылып, қатер тобына бөлініп, деңгейі бойынша босану жері анықталып, соған дер кезінде жіберіліп отыр. ҚР ДСМ –нің 03.07.2013 ж №452 санды бұйрығына сәйкес амбулаториялық –емханалық және стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында жүкті, босанатын, босанған әйелдерге медициналық көмекті жетілдіру мақсатында және ана өлімін болдырмау, бала өлімін төмендету мақсатында шұғыл шаралар қабылданып, оның орындалысы қатаң тексеруге алынып, қадағаланып отырады. Диспансерлік есептегі балалар мен экстрагенитальды аурулары асқынған акушерлік анамнезі бар әйелдердің тізімін жасақтап, сауықтырылуы әрқашан назарда ұсталынып отыр.

Сонымен қатар, аудандық орталық ауруханасында «Бюро госпитализация» порталы жұмыс жасайды. Ол арқылы облыстық ауруханаларға және республиканың басқа да қалаларына жергілікті мекен-жайы арқылы науқастар жоспарлы түрде емделуге жіберіліп отырады. Биылғы жылы барлығы 2168 науқас, оның ішінде басқа қалаларға - 36 науқас емделуге жолданды.

Аудандық емхана жанынан «Отбасын жоспарлау», «Дені сау бала», «Жас аналар», «Қариялар» кабинеттері ашылып, оған жауапты мамандар тағайындалып тиісті жұмыстарын атқаруда.

Туберкулез ауруын Республика бойынша 20%-ға 2020 ж дейін қысқарту міндеті тұр. Соған қарай Құрманғазы аудандық денсаулық саласының қызметкерлері жұмыстануда және өз мүмкіншілігімізше оған ат салысып келеміз. Аудан бойынша 2018 жылы флюорографиялық тексеру жоспары: 28456 оның ішінде орындалғаны- 28197 адам 99,1% құраса, оның ішінде қатерлі топтағы адамдарды флюорографиялық тексеруден өткізу 105,9% орындалып отыр. Флюорографиялық тексеру нәтижесінде барлығы 76 адамнан , оның ішінде 31 адамнан алғаш рет өкпе туберкулезі анықталды. Жыл бойы анықталған науқастар барлығы да диспансерлік есепке алынып, ауруханаға емделуге жіберілді. Жалпы аудан бойынша алғаш рет туберкулезбен ауру көрсеткіші алдыңғы жылдармен салыстырғанда биылғы жылы сол деңгейде қалып отыр. 2017 жылы - 47 науқас, көрсеткіші-80,6; 2018 жылы -47 науқас, көрсеткіші-81,9.

#### **Материалдық база:**

2018 жылы барасында ауданымыз бойынша Сүйіндік ауылдық ауруханасына қарасты Егінқұдық, Үштаған дәрігерлік амбулаториясына қарасты Жалпақ, Дәшін дәрігерлік амбулаториясына қарасты Үлкен Күйген, Жүмекен дәрігерлік амбулаториясына қарасты Қошалақа, Алға дәрігерлік амбулаториясына қарасты Ниетбай(Қасқа-төбе) медициналық пункттері Құрманғазы аудандық орталық аурухана директорының 2018 жылғы 27 наурыз айындағы №102 бұйрығымен жұмыстарын тоқтатып, жабылды. Сонымен бірге, Қиғаш дәрігерлік амбулаториясы Құрманғазы аудандық орталық аурухана директорының 02.05.18 жылғы №163 санды бұйрығымен жабылып, фельдшер-акушерлік пункт болып қайта құрылды, Арна (ММС) фельдшер-акушерлік пункті жабылды. Жыл қорытындысы бойынша ауданымызда 31 емдеу-сауықтыру мекемесі:

- 100 төсектік аудандық орталық аурухана -1;
- 10 төсектік ауылдық аурухана – 2 (Балқұдық, Сүйіндік);
- құрамында 55 күндізгі төсегі бар аудандық емхана;
- құрамында 61 күндізгі төсегі бар (Ақкөл 15 төсек, Кудряшов 15 төсек, Шортанбай 10 төсек, Орлы 5 төсек, Үштаған 5 төсек, Жыланды 5 төсек, Дәшін 3 төсек, Котяев 3 төсек) дәрігерлік амбулатория – 14;
- медициналық пункт -10;
- 3-фельдшер-акушерлік пункт аудан тұрғындарына медициналық көмек көртуде.

2018 жылдың қорытындысы бойынша аудандық аурухана базасы 48 млн теңгенің УЗИ аппаратымен, 10750000 теңгенің жаңа туылған нәрестелерге арналған СРАР құрылғысымен, 10 400 000 теңгенің «Джэйн экспрес» аппаратымен толықтырылды.

Сонымен қатар, Орлы дәрігерлік амбулаториясына жаңа ғимарат салынып, желтоқсан айында халық игілігіне берілді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі №152 «Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізуге көшу жөніндегі пилоттық жобаны енгізу туралы» бұйрығына сәйкес «Қазақсыз аурухана» пилоттық жобасы аясында «Қазмед» ақпараттық жүйесі іске қосылып, ауданның 31 медициналық мекемесіне интернет желісі қосылып, осы ақпараттық жүйемен жұмыс жасауда.

Құрманғазы аудандық денсаулық сақтау саласының қызметкерлері «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу мақсатында жұмыстанады. Сонымен қатар, ел үшін жасалып жатырған игі істерді ары қарай жалғастырып, ауданымыздың денсаулығын сақтауды, оны дамытудың негізгі қағидаларын тұрақты назарда ұстап, орындау бағытында өз үлесімізді қосатындығымызға және де алға қарай қарқынды еңбек етіп, аудан халқының денсаулығын нығайтып,

денсаулық сақтау ісін әрі қарай жетілдіріп, сапасын арттырып, заман талабына сай көрсетілген медициналық көмекті атқаруға жұмыстанамыз дегім келеді.

Директор:



*Г.Н. Мутиева*

**Г.Н.Мутиева**